

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылдың «17» сәуірі

Қазақстандықтар «БЖЗК» АҚ Басқарма төрайымына сұрақ қоя алады

Алматы, Қазақстан – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ресми сайтында «Басқарма төрайымының блогы» жаңа сервисі іске қосылды. Енді кез келген қазақстандық азамат Қордың бірінші басшысына Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесі мен БЖЗК қызметіне қатысты тікелей сұрақ қоя алады.

«Басқарма төрайымының блогы» сервисін пайдалану үшін www.enpf.kz ресми сайтының басты бетінің оң жағындағы тиісті белгішені басу керек немесе <http://www.enpf.kz/ru/o-fonde/blog.php> сілтемесі арқылы өту қажет. Сайт пайдаланушылары Блог парақшасында кішігірім өтініш білдіру нысанын толтыру арқылы сұрақ қоя алады, сонымен қатар жауап берілген сұрақтар мұрағатымен таныса алады.

Сондықтан сайт пайдаланушыларын аталмыш нысанды толтырмай тұрып, ең алдымен сұрақтар мұрағатымен танысып шығуға шақырамыз. Өйткені, онда сізді мазалаған сұраққа жауап бар болуы мүмкін. Сұрақ қоюшылардың барлығына заңнамада көрсетілген мерзім аясында жауап беріледі. Алайда жеке сипатқа ие сұрақтар мұрағатта жарияланбайды.

Айта кетелік, азаматтар Блогтан басқа өз сұрақтары бойынша Қорға өздеріне ыңғайлы әдіс бойынша жүгіне алады. Олар атап айтқанда:

- дербес қызмет көрсету орталығына келу;
- байланыс орталығына қоңырау шалу;
- enpf@enpf.kz электронды поштасына хат жазу;
- «Азаматтарға арналған Қоғамдық қабылдау» сервисі арқылы топ құрамында немесе жеке өзі Қор жетекшілерінің қабылдауына жазылу;
- БЖЗК-ның әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы сұрақ қою әдістері.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz